

Сыныбы 10	Күні:	
Тақырыбы	М.Мақатаев «Райымбек, Райымбек» поэмасы	
Мақсаты	«Райымбек, Райымбек» поэмасының мазмұнын меңгерту. Поэmanın тақырыбы мен идеясын ашу.	
Күтілетін нәтиже	А. Райымбек батыр туралы тарих пәнінен алған білімін еске түсіреді, поэма мазмұнын оқып, өз сөзімен айтады. Поэмада суреттелетін қарғыс, ақтық байлау дәстүрін, аллитрация мен ассонасты, мақалды тауып дәптерге жазады.	
	В. Қабай жырау мен Райымбектің диалогін рөлге бөліп ойнайды, Қабай жыраудың портретін жазып көрсетеді, троппен фигураны теріп жазады.	
	С. Поэмаға сатылай кешенді талдау жасайды, І.Есенберлиннің «Қаһар» романындағы Нысанбай жырау мен поэмадағы Қабай жырауды салыстырады, көнерген сөздердің мағынасын ажыратады. «Ерлер ел үшін туады» эссе жазады.	
Дереккөздер, құрал-жабдықтар	9-сынып. Қазақ әдебиеті оқулығы. М.Мақатаевтың таңдамалы шығармалары. Смайликтер.	
Сабақтың барысы:	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе	<p>I. <i>Тұлғааралық байланысты орнату.</i> Сыныппен амандасу. Оқушыларды смайликтер бойынша топқа бөлу.</p> <p>II. <i>Сыныптың білім деңгейін анықтау.</i></p> <p>1. М.Мақатаевтың өмір сүрген жылдарын ата?</p> <p>2. Ақын неше жасынан бастап өлең жаза бастады?</p> <p>3. Ақынның алғашқы туындылары қандай басылымдарды жарық көрді?</p> <p>4. Ақынның «Қазақ әдебиеті» газетіне басылып шыққан бір топ өлеңдеріне тілек жазған кім?</p> <p>Ә.Тәжібаев</p> <p>5. Мұқағалидың қандай шығармалары бар?</p> <p>III. <i>Алдыңғы сабақты қысқаша қайталау.</i></p>	<p>II. Күтілетін жауаптар.</p> <p>1. 1931-1976жж.</p> <p>2. Мұқағали өлеңді он-он бір жасынан жаза бастайды.</p> <p>3. Алғашқы туындылары Нарынқол аудандық «Советтік шекара» (қазіргі «Хан тәңірісі») газетінде 1948 жылдары жариялана бастаған.</p> <p>4. Ә.Тәжібаев</p> <p>5. «Реквием», «Аққулар ұйықтағанда», «Жанарсыз адам» т.б.</p> <p>III. 1. «Бозқараған». 2. «Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін».</p> <p>IV. 1.</p> <div style="text-align: center;"> <pre> graph TD B((Батыр)) --> B1[Батыл] B --> B2[намысты] B --> B3[Өжет] B --> B4[қайсар] </pre> </div> <p>2. Бөгенбай, Наурызбай,</p>

	<p>1. Ақынның табиғат лирикасы туралы жазылған қандай өлеңдерін білесің?</p> <p>2. Ақынның Абай шығармаларымен үндес қандай өлеңдерін білесің?</p> <p>3. Ақынның махаббат тақырыбы туралы жазылған өлеңін жатқа оқы.</p> <p>ІҮ. Сабақ тақырыбын білдіретін мәселелерді анықтау.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Батыр» -дегенді қалай түсінесіңдер? 2. Қазақтың қандай батырлар жырын білесіңдер? 	Қабанбай батыр т.б.
Тұсаукесер	Райымбек батыр туралы кім қандай деректер біледі?	Оқушылар Райымбек батыр туралы білетіндерін ортаға салады
Негізгі бөлім	<p>I. Поэма мазмұнын оқы, өз сөзіңмен айт. Поэмада суреттелетін қарғыс, ақтық байлау дәстүрін, аллитрация мен ассонасты, мақалды тауып дәптерге жаз.</p> <p>II. 1.Қабай жырау мен Райымбектің диалогін рөлге бөліп оқы. 2.Қабай жыраудың портретін, жазып көрсет. 3.Троппен фигураны теріп жаз.</p> <p>III. 1.Поэмаға сатылай кешенді талдау жаса. 2.І.Есенберлиннің «Қаһар» романындағы Нысанбай жырау мен поэмадағы Қабай жырауды салыстыр. 3. Күшіген, қозыкөш сөзінің білдіретін</p>	<p>I.Қарғыс. Қан боп ақсын басыңа қара жауын! Қатын, қызың күң болыпәр есікте, Құл боп өтсін мәңгілік балаларың!</p> <p>Ақтық байлау. Ағашына пенделер ақ байлаған.</p> <p>Мақал. Үні шықпас жалғыздың, шаңы шықпас жаяудың.</p> <p>Аллитрация. «Қара таудың басынан көш келеді», Қара жорға шайқалып бос келеді.</p> <p>Ассонанс. Айтса, тілін алдырған, Алмастан оғын жондырған.</p> <p>II. 2.Көкірегім күркілдеп, Көзімнің асты көлкілдеп, Ақ сақалым желпілдеп, Кәрі басым селкілдеп, Бас ауған жаққа барамын.</p> <p>3.Анафора.Қара күнді жамылып қара қазақ, <u>Қара</u></p>

	<p>мағынасын ажырат. 4.«Ерлер ел үшін туады» эссе жаз.</p>	<p>түнді басынан кешкен еді. Эпифора. Боздақтардың желкесін шайнап <u>кетті</u> , - Қалған малды қайтадан айдап <u>кетті</u>. Тенеу. <i>Құлындай,</i> <i>суырдайын, бүйрегіндей</i> т.б. Кейіптеу. Қанға шөлдеп, қаңырсып жатыр дала. III. 2.</p> <table border="1" data-bbox="963 584 1479 1061"> <thead> <tr> <th data-bbox="963 584 1177 658">Нысанбай жыршы</th> <th data-bbox="1177 584 1310 658">Ұқсаст ығы</th> <th data-bbox="1310 584 1479 658">Қабай жырау</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="963 658 1177 1061">Қазақ хандарын дәріптеуші, жоңғар шапқыншыл ығын жыр еткен, Қасым мен Кенесары- ның кеңесшісі.</td> <td data-bbox="1177 658 1310 1061">Елін жау Дан Қорғағ ан азамат тардың кеңесш ісі</td> <td data-bbox="1310 658 1479 1061">«Ақтабан шұбырын дыны» жырлаған жырау, Райымбек батырдың ақылшы- сы.</td> </tr> </tbody> </table> <p>3.Күшіген (гриф)– өлексемен қоректенетін жыртқыш құс. Қозыкөш – 2-3 шақырымдық жер. <i>Қозыкөш жер</i> деген тіркес бар. 4. «Ерлер ел үшін туады» эссе жазады.</p>	Нысанбай жыршы	Ұқсаст ығы	Қабай жырау	Қазақ хандарын дәріптеуші, жоңғар шапқыншыл ығын жыр еткен, Қасым мен Кенесары- ның кеңесшісі.	Елін жау Дан Қорғағ ан азамат тардың кеңесш ісі	«Ақтабан шұбырын дыны» жырлаған жырау, Райымбек батырдың ақылшы- сы.
Нысанбай жыршы	Ұқсаст ығы	Қабай жырау						
Қазақ хандарын дәріптеуші, жоңғар шапқыншыл ығын жыр еткен, Қасым мен Кенесары- ның кеңесшісі.	Елін жау Дан Қорғағ ан азамат тардың кеңесш ісі	«Ақтабан шұбырын дыны» жырлаған жырау, Райымбек батырдың ақылшы- сы.						
<p>Қорытынды</p>	<p>Оқушылар тақырыптық тестті орындайды. Жұбының жұмысын тексереді.</p> <p>Оқушыларды бағалау. Үйге тапсырма: Поэмадан 7 шумақ мәнерлеп жаттау.</p>	<p>Тест. 1.Райымбек поэмасының басты тақырыбы не? А) қазақ халқының әлеуметтік жағдайы <u>В) қазақ пен жоңғар арасындағы жаугершілік, елді қорғау.</u> С) Райымбек батыр 2. Поэма неше бөлімнен тұрады? А) 1 В) 5 <u>С)3</u> 3. Поэма қалай басталады? А) Зар заман өлеңімен В) Ақынның ренжуімен <u>С) Елім- ай өлеңімен</u> 4. Қан боп ақсын басыңа қара жауын!</p>						

		<p>Құл боп өтсін мәңгілік балаларың! – кімнің қарғысы сөзі? А) Райымбек В) Түке С) <u>Қабай жырау</u></p> <p>5. Әкесі өлгенде Райымбек неше жаста болды? А) 13 В) 15 С) <u>18</u></p> <p>6. Райымбек қол жинау үшін би қандай шарт қойды? <u>А) Іле өзенінен атпен өту</u> В) Жамбы ату С) Қылыштасу</p> <p>7. «Әлдекімдер естілсе созған әні, Әлдекімдер аңырап жоқтау айтса» - фигураның қай түрі қолданылған? <u>А) анафора</u> В) эпифора С) метафора</p> <p>8. Ойран болған ордаңның орнына кеп, Отау тігіп, оттарын сен жағасың! Кімнің тілегі? А) Райымбек В) Нысанбай жырау С) <u>Қабай жырау</u></p> <p>9. Өз атын өзі ұрандап, жейдесін ту ғып байлап жұлдыздай ағып келетін кім? А) Батыр Баян В) <u>Райымбек</u> С) Қабай жырау</p> <p>10. Райымбек өзін алғаш Албанға қалай танытты? А) Аруак! В) <u>Райымбек,</u> <u>Райымбек</u> С) Абылай!</p> <p>Оқушы рефлексиясы.</p>
--	--	--